

Директорлар кеңесінің
2025 жылғы 21 қараша, Хаттама №9
шешімімен бекітілді



**ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ АТЫНДАҒЫ «ОҢТҮСТІК
ҚАЗАҚСТАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ» 2023-2029 ЖЫЛДАРҒА
АРНАЛҒАН ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Шымкент 2025 ж.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
1-бөлім. БАҒДАРЛАМА ПАСПОРТЫ.....	4
2-бөлім. СЫРТҚЫ ОРТА МЕН АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЯТТЫ ТАЛДАУ.....	5
3-бөлім. РЕСУРСТАР.....	11
4-бөлім. УНИВЕРСИТЕТТІҢ МИССИЯСЫ, ПАЙЫМЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ.....	15
5-бөлім. СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР, МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕР, ТҮЙІНДІ КӨРСЕТКІШТЕР (1-ҚОСЫМША)	16
6-бөлім. МІНДЕТТЕРДІ ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ.....	17
7-бөлім. КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР	19
8 бөлім. АББРЕВИАТУРАЛАР МЕН ГЛОССАРИЙ МАҒЫНАСЫН АШУ.....	19

Кіріспе

"Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсу, қоғамдық оптимизм" — 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жолдауы:

«Еліміздің тұрақты дамуына мүмкіндік беретін жаңа тетіктерді қарастырған жөн. Басты мақсат — азаматтардың табысын арттыру. Жұмысты дұрыс үйлестіре білсек, бұл — қолдан келетін шаруа. Экономика өскен сайын әлеуметтік теңсіздік азайып, орта тап күшейе түсуі керек. Сонда ғана біз еліміздің әлеуетін күшейте аламыз. Ол үшін кез келген істің басты өлшемі тиімділік болуға тиіс. Яғни, әрбір шешім, әрбір жоба ең алдымен елге пайдалы болуы қажет.»- деп баяндады.

87 жылдық тарихы бар оңтүстіктегі білімнің қарашаңырағы - Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті заман талабына сай білім саласындағы үздік тәжірибелер негізінде жаңа форматтағы білім беру және ғылым хабына айналу үшін барлық қажетті тетіктерді тиімді пайдаланып, өз шәкірттерін еңбек нарығында сұранысқа ие, бәсекеге қабілеті маман етіп шығаруда.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы бойынша "Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» бекітілді. Осы тұжырымдамаға сәйкес 2023 жылғы 22 желтоқсандағы директорлар кеңесінің №6 шешімімен «Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2023-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасы бекітілді.

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі ұсынған (2024 жылғы 6 қыркүйектегі № 5-01-05-02-14 /7483-И хатымен) 2025 жылға жаңартылған түйінді көрсеткіштер негізінде 2024 жылғы 25 желтоқсандағы директорлар кеңесінің №9 шешімімен университеттің Даму бағдарламасына түзетулер енгізіліп, қайта бекітілді.

Осы бағдарламада университеттің 2023-2029 жылдарға арналған дамуының жаңа кезеңдері баяндалған. Біз салыстырмалы талдау үшін тиісті индикаторларды пайдалана отырып, басымдықтарымыздың, бағыттарымыз бен мақсаттарымыздың барысын бақылайтын боламыз. Осы құралдардың көмегімен ресурстарды тиімді пайдалана аламыз, Университеттің миссиясына адал бола отырып, сыртқы ортаның қиындықтарына жауап бере аламыз.

Даму бағдарламасы университетті одан әрі дамытудың және оның білім беру нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің негізгі мақсаттарын, міндеттері мен нақты бағыттарын айқындайды.

1-бөлім. БАҒДАРЛАМА ПАСПОРТЫ

Бағдарлама атауы	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің» коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2023-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасы
Әзірлеу негіздері үшін	- «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» және «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының заңдары. - «Қазақстан-2050» Стратегиясы. - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы бойынша ҚР-да жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрі 2025 жылғы 30 сәуірдегі № 18 «Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы. - «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымын дамыту бағдарламасының құрылымы мен әзірлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 25 қазандағы №590 бұйрығы. - «Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 611 Жарлығы. - «Қазақстан Республикасында мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысы.
Бағдарламаны әзірлеуші	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КеАҚ
Мақсаты	Жұмыс берушілердің талаптарына жауап беретін жоғары білікті кадрлар даярлау
Міндеттері	- жаңа буындағы педагогтерді даярлау; - оқыту сапасын қамтамасыз ету; - ғылыми әзірлемелердің нәтижелілігін арттыру, іргелі және қолданбалы зерттеулерді дамыту; - ғылым мен өндірістің интеграциясын қамтамасыз ету; - үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу, оқытушылар мен білім алушыларды әлеуметтік қолдау; - университеттің ғылыми және цифрлық инфрақұрылымын жаңғырту.
Іске асыру мерзімдері	2023-2029 жж.
Қаржыландыру көздері	Іс-шараларды қаржыландырудың негізгі көздері: 1. Қазақстан Республикасының бюджет қаражаты. - ҚР жоғары білім және ғылым министрлігінің мемлекеттік білім беру гранты және басқа да мемлекеттік бағдарламалар; - гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша; - ҒҒТҚН коммерцияландыруға арналған гранттық бағдарламалар бойынша. ҒҒТҚН коммерцияландырудың гранттық бағдарламалары бойынша іс-шаралар. 2. Бюджеттен тыс қаржыландыру. - мемлекеттік-жекешелік әріптестік қорлары; - білім беру қызметтерін ұсыну шарттары бойынша жеке/заңды тұлғалардан түсетін кірістер; - шаруашылық шарттары бойынша ұйымдардан, кәсіпорындардан және мекемелерден түскен қаражат; - эндаумент қорының дивидендтері; - жергілікті атқарушы органның (бұдан әрі-ЖАО) қаражаты.

I. АКАДЕМИЯЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім

Жоғары білім берудің негізгі трендтері:

- массивикация;
- үштік спираль (университеттер мен бизнестің мемлекетпен өзара іс-қимылы);
- цифрландыру;
- интернационалдандыру;
- білім беру қызметтері мен ғылыми зерттеулердің сапасы;
- академиялық артықшылық бастамалары;
- қоғамды ізгілендіруге бағдарлану;
- университеттердің корпоративтік басқаруы
- академиялық еркіндік болып табылады.

Бүгінде еліміздің 118 жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) 609 мың адам оқиды, оның ішінде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша – 228 мың адам. Жоғары біліммен жалпы қамту (орта мектепті бітіргеннен кейінгі бес жылдық жас тобының жалпы санынан жоғары білім алушылардың %-ы) 62% құрайды, бұл көптеген елдерден (Ресей 82%, Оңтүстік Корея 94%, Ирландия 78%, Беларусь 81%) айтарлықтай төмен.

2020 жылдан 2022 жылға дейін QS-WUR рейтингінде белгіленген ЖЖОКБҰ саны 8-ден 16-ға дейін өсті. Елдің үш ұлттық университеті Times Higher Education рейтингтік басылымы ретінде танылды.

2022 жылы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесіне қанағаттану деңгейі – 70% құрайды.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің қолжетімділігін арттыру үшін 2019 жылдан бастап 2022 жылға дейін бакалавриат гранттарының саны 1,7 есе, магистратура – 1,8, докторантура – 3,7 есе өсті. Дайындықтың техникалық бағыттарына мемлекеттік тапсырыстың үлесі 60%-ға дейін ұлғайтылды. Жыл сайын бакалаврларға стипендия мөлшері 20%-ға, магистранттар мен докторанттарға 15%-ға артады. Бұл ретте, педагогикалық медициналық бағыттар бойынша бакалаврларға арналған стипендия қалған студенттерге қарағанда 62%-ға жоғары.

Сонымен қатар, Қазақстанның жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі алдағы 7 жылда күшті демографиялық жүктемелерді бастан кешіретін болады. Егер 2021 жылы елдегі халық саны 18,8 млн адамды, 2022 жылы - 19,5 млн адамды құраса, 2030 жылға қарай 21,5 млн адамды, ал 2050 жылға қарай 27,7 млн адамды құрайды деп болжануда. 2029 жылға қарай мектеп түлектері санының екі есе өсуі күтілуде, бұл ЖЖОКБҰ-да шамадан тыс жүктелуге, білікті профессор-оқытушы құрамының (бұдан әрі – ОПК) жетіспеушілігіне, университеттер мен жатақханалардағы орындардың тапшылығына, заманауи инфрақұрылымды қалыптастыру өзектілігінің артуына, ЖЖОКБҰ зертханалық базасын жаңартуға әкеледі. Осы үрдісті сақтай отырып, жоғары білім беруді жыл сайынғы қаржыландыру 2030 жылға қарай 1,3 трлн. теңге, ал 2040 жылға қарай – 3,1 трлн. теңгені құрайды. Яғни, 18 жыл ішінде студенттің бірінші мамандық алуына мемлекеттік бюджет шығыстары 29,1 трлн. теңге. Осыған байланысты ЖЖОКБҰ-да оқуға қаражатты ынтымақты шоғырландырудың барлық нысандарын интеграциялау жөніндегі шаралар кешенін іске асыру талап етіледі. Ресми статистика бойынша Түркістан облысында жалпы орта білім беретін 910 (10 жеке меншік) ұйым жұмыс істейді. Оның ішінде 97 бастауыш, 57 негізгі, 756 орта мектеп. 78 қалада, 832-ауылдық елді мекендерде орналасқан. Түркістан облысындағы 66 техникалық және кәсіптік білім беру ұйымында 48947 студент білім алуда (оның ішінде мемлекеттік тапсырыс аясында 31518). Жалпы облыста 32 306 оқушы 11-сыныпты тәмамдаған. Шымкентте статистикалық деректер бойынша 272 (оқушы саны –249 748, мемлекеттік -150 (214 085), жекеменшік–95(35 663)). Кешкі мектеп–3(872), мамандандырылған мектеп–6 (6163), арнаулы мектеп-интернат – 5 (824), жекем. – 95 (35663); қосымша білім беру мекемелері – 9 (бала саны – 19 058); арнайы мекемелер саны - 10. Қалада 13286 оқушы 11 сыныпты бітіреді.

Жыл сайын облыс пен қалада мемлекеттік және жеке меншік оқу орындарының қосымша

саны ашылады. Өңірде оқытудың әртүрлі деңгейдегі оқу орындары санының өсуіне қарамастан, еңбек нарығында педагог кадрлардың сапалық құрамына айтарлықтай қажеттілік артып келеді.

Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі (бұдан әрі – МБЖЖ) білім беру жинақтау салымын ашуға және оны болашақта Қазақстанда және шетелде кәсіптік техникалық, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі (магистратура) білімге ақы төлеу үшін пайдалануға мүмкіндік береді.

Халықтың әлеуметтік осал санаттарынан шыққан адамдар үшін ЖЖОКБҰ-ға қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін гранттарды квоталау жүйесі қолданылады. Квоталардың үлесі мемлекеттік гранттардың жалпы санының 53,5% құрайды.

Халықтың әлеуметтік осал топтарынан 2267 студент «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының білім беру гранттарының иегерлері атанды. Қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан мамандандырылған және әскерилендірілген ұйымдар қызметкерлерінің балалары үшін ЖЖОКБҰ-да тегін оқуға гранттар беріледі.

Дарынды жастарды қолдау және әлемнің үздік университеттеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін 30 жыл бойы «Болашақ» халықаралық стипендиясы жұмыс істеп келеді. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Болашақ» халықаралық стипендиясы техникалық, инженерлік, медициналық және педагогикалық бағыттарға арналды.

Білім беру сапасын қамтамасыз ету. Университеттің білім беру қызметі білім берудің үш саласы бойынша жүзеге асырылады: Педагогикалық ғылымдар, Өнер және гуманитарлық ғылымдар, Жаратылыстану ғылымдары. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің үш деңгейі: бакалавриат, магистратура, докторантура бойынша жүзеге асырылады.

БАКАЛАВР	- 40 ББ (7 ІР)
МАГИСТРАТУРА	- 21 ББ (1 ІР)
ДОКТОРАНТУРА	- 13 ББ
КҮМІС УНИВЕРСИТЕТІ	- 13 ББ

2024 жылы Университетте барлық деңгейдегі 66 білім беру бағдарламасы бойынша 7950 білім алушы, оның ішінде мемлекеттік білім беру гранты бойынша - 4114 (51,8%), шымкент әкімнің гранты бойынша – 123 (1,53%) ақылы негізде-3713 (47,4%) білім алушы білім алууда.

7389 студент бакалавриат білім алушылары болып табылады, оның ішінде мемлекеттік білім беру гранты бойынша – 3654, шымкент әкімнің гранты бойынша – 123, ақылы негізде -3612 білім алушы.

Магистратураның білім беру бағдарламаларында 477 магистрант оқиды, оның ішінде мемлекеттік білім беру гранты бойынша -423 (88,6%), ақылы негізде – 54 (11,4%). Докторантура бағдарламасы шеңберінде 84 адам оқиды, оның ішінде мемлекеттік грант бойынша – 75, ақылы негізде – 9.

Барлық білім беру бағдарламалары ерекшеліктерін ескере отырып, кәсіби стандартқа сәйкес әзірленген және орта білім беру мазмұны жаңартуды және одан әрі кәсіби қызмет үшін қажетті талаптарды ескере отырып, нарықтың заманауи талаптарына және түлек моделін табысты қалыптастыруға сәйкес келеді. Негізгі біліктілікті, зияткерлік және академиялық дағдыларды, креативтілікті, сыни ойлауды, инновациялық өлшемдерді және бірнеше тілді меңгеруді дамытатын кәсіби қызметке дайындық қарастырылған.

Кафедра филиалдары мен дуальды оқыту және бітірушілерді жұмысқа орналастыру жұмыстарын күшейту. **Бітірушілердің жұмысқа орналасуы** 2024-2025 оқу жылында 89% құрады, 2029 жылы - 93,5% көтеру жоспарлануда.

Білім алушылардың контингентін өсіру: 2024-2025 оқу жылында оқитын білім алушы саны - 7950. 2025 жылы-8300-ге, 2029 жылы-9500 білім алушы санын арттыру жоспарлануда.

Профессор-оқытушылар құрамы, әлеуеті: 2024-2025 оқу жылы университет құрамында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институты, 6 факультет, 21 кафедра жұмыс атқаруда. Білім алушыларға 18 ғылым докторы, 173 ғылым кандидаты, 33 PhD, 2 ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушы, 12 ҚР мәдениет қайраткерлері, 153 магистрлер дәріс береді. Ғылыми әлеует 52,34% құрайды.

Онлайн білім беру Coursera платформасында 905 білім алушы тіркеліп жалпы 2737

сертификат алынған. Университетіміз бұл көрсеткіштер бойынша ҚР университеттерінің арасында бірінші ондықта тұр.

Ағылшын тілінде сабақ беретін ОПК үлесі 2024 жылы -17,2% құрайды, ал 2025 жылы-17,5 %, 2029жылы-18,00 % көтеру жоспарлануда.

Біліктілігін арттырудан және шетелдік тағылымдамадан өткен ОПК үлесі (коэффициентпен) 2024 жылы-4,3; 2025 жылы-4,6; 2029жылы- 5,6 өсіру жоспарлануда.

6-74 жас аралығындағы цифрлық сауаттылықты арттыруға, Күміс университеті, Бейресми білім беру бағдарламаларын іске асыру. **«Күміс университет» жобасы бойынша** университетімізде "Креативті өнер", "Музыкалық аспап" және "Speaking English" білім беру бағдарламасы бар.

Университет базасында **Ж.Аймауытұлы атындағы колледжіне** 4S01140101 Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі», «4S01140301 Көркем еңбек», «4S01140201 Музыка білім беру» атты мамандықтарына лицензия алынды.

Германия, Жапония жоғары білім беру жүйесіндегі инновацияларды университетке енгізер едім. «Болашақ» бағдарламасымен Германияда **«Білім берудегі менеджмент (Жоғары оқу орындарындағы стратегиялық менеджмент және көшбасшылық. Университетті басқару)»** саласы бойынша тағылымдамадан өтіп, жоғары білім беру процесінде иммерсивті технологияларды қолдану жүйелерін білім беру процесіне енгізіп, мынадай **зертханалар** ашуды ұсынамын:

- оқу-зертханаларының базасын жаңғырту (заманауи соңғы үлгідегі құрал жабдықтармен VR, AR технологиялармен қамту, VR (Virtual Reality) - виртуалды шындық. Бұл адамның виртуалды шындыққа толық енуін қамтитын технология, AR (Augmented reality)-толықтырылған шындық. Бұл технология, тек виртуалды объектілерді нақты әлемнің бейнесіне қосады;

- педагогикалық шеберлік орталығын құру;
- аралас оқыту бойынша оқу зертханасын құру;
- инклюзивті және арнайы оқыту зертханасын құру.

Рейтингтер және аккредиттеу. Университет басшылығы оқытушыларды тілдік даярлық біліктілігін арттыру және кәсіби құзыреттілігін арттыру курстарына жүйелі түрде жібереді. Сондай-ақ, ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының, «Назарбаев Зияткерлік мектептерінің» білім беру бағдарламалары бойынша педагог кадрлар даярлауды жүзеге асыратын ОПК қатарындағы жаттықтырушыларды оқыту курстары. Оқытудың инновациялық әдістерін қолдану бойынша курстар, білім беру сапасын және оқу процесін үнемі жетілдіру үшін жетекші қазақстандық және шетелдік жоғары оқу орындарында семинар-тренингтер.

Университеттің академиялық ортадағы беделін арттыру мақсатында университет QS World University Rankings әлемдік рейтингіне (әлемдік университеттер рейтингі) кіру, олардың біздің университет туралы пікірін сұрау бойынша жұмысты бастайды.

2014 жылдан бастап жыл сайын өткізіліп келе жатқан тәуелсіз аккредиттеу және рейтинг агенттігінің (НААР / IAAR) рейтингтік зерттеуі маңызды рөл атқарады.

НААР/IAAR рейтингтері жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларын еңбек нарығының өзгермелі жағдайларына бейімдеу және білім беруді жаңғыртудың Ұлттық бағдарламаларын іске асыруға өз үлесін қосу қабілетін көрсетеді.

ҚР жоғары оқу орындарының ТОП-20-2024 бас рейтингінде –Университет ҚР жоғары оқу орындарының институционалдық рейтингі бойынша 9-орынды иеленді.

Университет 2020 жылы Қазақстандық агенттікте білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Тәуелсіз агенттікте (IQAA) институционалдық аккредиттеуден өтті, оны растайтын ІА-А халықаралық институционалдық аккредиттеу туралы куәлік №0120, ол 5 жыл мерзімге жарамды. Сондай-ақ, білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз агенттік (ББСҚТА) бакалавриаттың 23 білім беру бағдарламасы, магистратураның 17 бағдарламасы, докторантураның 8 бағдарламасы бойынша мамандандырылған аккредиттеу өткізді. Білім беру бағдарламасының 73% -ы аккредиттелген.

Құрметті атақтары, ғылыми дәрежелері мен атақтары бар оқытушылардың орташа жасы мен пайызы.

2024-2025 оқу жылында университеттің кадрлық әлеуеті 845 қызметкерді құрады.

Университеттің негізгі штатына (795 адам) әкімшілік, басқару және қызмет көрсету

персоналы, оқытушы-профессор құрамы кіреді. Оның 394-і – оқытушылар. Ғылыми дәрежелері мен атақтары бар оқытушылардың үлесі 52,34%-ды құрады. Осы оқу жылындағы профессор-оқытушы құрамының орташа жасы – орта есеппен 52 жас.

II. ТӘРБИЕ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТАР

Университеттің тәрбие жұмыстарының мақсаты білім мен тәрбие берудегі халықаралық және отандық үздік тәжірибелер негізінде адами капиталдың сапасын арттырудың бағытын айқындау. Ұстанымы Хакім Абай негізін салған «Толық адам» ілімі концепциясына сай ғылым мен білімді өнегелі тәрбиемен ұштастырып, басты қағида ету.

Даму перспективалары келесідей:

- талантты студенттердің жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту мен мемлекетшілдікке тарту;
- мәдениетаралық және ұлтаралық оқу ортасын құру;
- ұлттық құндылықтарды дәріптеу мен насихаттау;
- кәсіби даму үшін қосымша мүмкіндіктер жасау;
- спорттық және әлеуметтік инфрақұрылымды жаңғырту арқылы жайлы университет кампусының қалыптасуына ортақ мүдделік таныту;
- белсенді студенттерді қоғамдық ұйымдарға тарту, тәрбиелік іс-шараларға ерікті түрде қатысуы мен әлеуметтік бастамаларын ынталандырушы тетіктерін енгізу.

Бітірушілердің педагог мәртебесіне сай болуы мен «ОҚПУ елшісі» ретіндегі жауапкершілігін қалыптастыру.

Біздің университеттің студенттері жыл сайын республикалық және халықаралық пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарына қатысады. 2023-2024 оқу жылында олимпиадаларға 100-ден астам студент қатысып, 49 студент жүлделі орындарға ие болды. I орын алған студенттер саны - 5; II орын - 23; III орын – 21 болды.

Студенттік үйірмелердің жұмысын жандандыру, зерттеу жобаларын іске асыру үшін start-up-офистерін ашу жоспарлануда. Алғашқы қаржылық аударымдарды «Алтын ине», «Шебер қолдар», «Қылқалам» шығармашылық-көркемдік студенттік жобаларына бөлу жоспарлануда.

Психологиялық орталықтың мақсаты – ЖОО-ның білім беру процесін ұйымдастыру үшін қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдайлар жасау, студенттер мен оқытушылардың, қызметкерлердің психологиялық жақтан қорғалуын қамтамасыз ету, олардың психикалық денсаулығын қолдау және нығайту.

Қазіргі таңда университетте студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының маңызы зор.

2025-2029 жылдары университет білім алушылары арасында ғылыми әлеуетті дамыту мақсатында «Enactus» клубын, Студенттердің ғылыми қоғамын құру жоспарлануда. Студенттердің қызығушылықтарына қарай түрлі бағыттағы студенттік бірлестіктер құру бойынша жұмыстар атқарылады. Студенттердің университеттердегі стартап-жобаларға, ғылыми-зерттеу, спорттық, әлеуметтік және волонтерлік жұмыстарына қатысуына ықпал ету мақсатында 2024-2025 оқу жылында интегралды GPA енгізілді. Студенттік клубтарға қосылуды Platonus LMS жүйесі арқылы автоматтандыру. Бұл бастамалар стратегиялық жоспарымыздағы студенттердің еріктілік қозғалысқа қатысу көрсеткішін 2029 жылы 50 пайызға дейін жеткізу көзделуде.

Студенттер және түлектер арасында менторлық жүйе қалыптастыру. Үздік жоғары курс студенттері және түлектер (менторлар) студенттерге университет өміріне бейімделуге, мансаптық дағдыларды дамытуға көмектеседі. Бұл бағдарлама кәсіби желіні құруға ықпал етеді, студенттердің көшбасшылық қасиеттерін дамытуды қолдайды және олардың мансаптық перспективаларын жақсартады.

2024 жылы университеттің волонтерлік ұйымдары волонтерлердің әлеуметтік зерттеу жұмыстарды жүргізуге назар аударады. 2025 жылы волонтерлік қызметтің тиімділігін арттыру үшін халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуге және инновациялық технологияларды интеграциялауға басты назар аударылады. Мақсат – волонтерлік қозғалыстың ықпалын кеңейту және оның әлеуметтік әсерін күшейту. Университет үкіметтік емес ұйымдармен бірігіп оңтүстік аймақта ғылыми және әлеуметтік зерттеулер жүргізу, әлеуметтік қолдау, еріктілік қозғалысын дамыту бағытындағы Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы ұйымдастыратын гранттық конкурстарға қатысуды жоспарлап отыр. Университет пікірсайыс қозғалысын әрқашан қолдап, пікірсайысшы студенттерге қолайлы орта қалыптастырады. 2024 жылы университет тарапынан

пікірсайысқа 1,3 млн. теңге жұмсалса, 1,5 млн. теңгеге турнир, семинар тренингтер ұйымдастырылды. Алдағы уақытта да пікірсайысты қаржыландыруды жыл сайын 20% ұлғайтуды көздеп отырмыз.

2024 жылы тәрбие жұмыстары 8 бағыт бойынша ұйымдастырылып, 181 іс-шара өткізілді. 2029-ға дейін жыл сайын 20% көбейтіп отыру жоспарлануда.

2024-2025 оқу жылында студенттер 100% жатақханамен қамтылды. Оңтүстік өңірдегі демографиялық өсімді ескере отырып, 2025-2029 жылдары МЖӘ-мен салынған 3 жатақханамен келісімшарт орнатып, орын қорын 3215-ке дейін жеткізу жоспарлануда.

Ұлы дала, оның ішінде оңтүстік өңірінің жазу мәдениетінің ең алғашқы ошақтары екендігін дәлелдейтін археологиялық экспонаттар негізінде жастарды өркениеттілік тарихымен таныстыру. Осыған қатысты университеттің археологиялық экспедициясының қол жеткізген табыстарын насихаттау болып табылатын «Жазу өркениеті» көрме орталығын ашу жоспарлануда.

III. ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІ

Ғылыми-зерттеу қызметін дамыту. Университеттің ОПҚ біліктілігінің жоғары деңгейі ғылым мен білім берудегі жыл сайынғы жетістіктерімен расталады, олар: 2 - «ЖОО үздік оқытушысы» грантының иегерлері, 2 ғалым «Мемлекеттік ғылыми стипендия иегері», 16 ОПҚ болашақ бағдарламасы бойынша “500 ғалым” жобасы бойынша ғылыми тағылымдамадан өткен, ғылыми-зерттеу жобаларына, 1-республикалық, 4-халықаралық конкурстарға және 5-конференцияларға, симпозиумдарға және т.б. қатысты.

ҚР ҒЖБ министрлігінің 2024 жылғы 01 ақпандағы №171 бұйрық негізінде 8D01503 «Информатика педагогін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша диссертациялық кеңес ашылды және 1 докторант қорғап, PhD дипломын алды.

ҚР ҒЖБ министрлігінің 2024 жылғы 30 мамырдағы №496 бұйрық негізінде 8D01301 «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі педагогін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша диссертациялық кеңес ашылды.

ОПҚ-ның ҒЗЖ ынталандыру мақсатында жоғары рейтинг басылымдарда мақала жариялаған 60 оқытушыға 6,3 млн. жуық қаржы көлемінде бір реттік үстемақы тағайындалды.

Соңғы 5 жылда ЖОО ғалымдары гранттық қаржыландырудың 12 ғылыми-зерттеу жобасын іске асыруда, оның 8-і қазіргі уақытта іске асырылуда және тағы 4 жоба ағымдағы жылдың 10 шілдесінде ҰҒК мақұлдауына ие болды. Жұмыс істеп тұрған 8 жобаның 5-і біздің ЖОО-ның жас ғалымдары мен докторанттарының жобалары болып табылатынын қуана айтамыз.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін университеттің оқытушы-профессорлар құрамы әртүрлі халықаралық рецензияланатын журналдарда (Web of science, Scopus базаларында), ҒЖБМ Комитеті ұсынған ғылыми журналдарда, РИНЦ базасындағы халықаралық журналдарда және т.б. жариялайды. Соңғы 5 жылда ОПҚ-ның жарияланымдық белсенділігінің артуының жалпы үрдісі байқалады, халықаралық рецензияланатын журналдарда 170-тен астам мақала жарияланды. Комитет ұсынған журналдарда 500-ден астам мақала жарық көрді. Kazakh National H-index Ranking деректері бойынша профессор-оқытушы құрамының 160-тан астамында H-индексі бар. Жоғары оқу орнындағы ОПҚ жұмысын бағалаудың негізгі критерийлерінің бірі оқытушының Индикативтік жоспары болып табылады, ол сонымен бірге университеттің КРІ ішкі механизмі ретінде әрекет етеді. ОПҚ Индикативтік жоспары оқу процесінде 10 жылдан астам уақыт болған ОПҚ тиімділік рейтингін өзгертті. Жаңартылған Индикативтік жоспар жоғары мектептің жаңа талаптарына жауап береді және оның негізгі индикаторлары жоғары оқу орнының ОПҚ қызметіне айтарлықтай жоғары талаптар қояды.

ЖОО қызметкерлерін ынталандыру жүйесіне мыналар кіреді: ЖОО-ның, қаланың және облыстың ғылыми-зерттеу және педагогикалық салада дамуына қосқан үлесі үшін көтермелеу, жалақыға қосымша ақы түрінде материалдық ынталандыру; профессор-оқытушы құрамының, кафедралардың, факультеттердің рейтинг нәтижелері бойынша ОПҚ-ны материалдық ынталандыру; халықаралық рецензияланатын журналдарда мақалалар жариялағаны үшін және халықаралық рецензияланатын журналдарда мақалалар жариялағаны үшін біржолғы үстемақы патенттер, ғылыммен айналысатын профессор-оқытушы құрамға жүктеме бойынша жеңілдіктер беріледі.

IV. ИНТЕРНАЦИОНАЛДАНДЫРУ

Халықаралық коллаборация. 2024-2025 оқу жылында академиялық ұтқырлық бағдарламасы негізінде отандық ЖОО-дан 52 студент Университетте ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша 14 мамандық бойынша білім алды, ал 11 мамандықтан 36 студент Қазақстанның 5 жетекші ЖОО-на оқуға жіберілді.

Сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша 13 мамандықтан Университеттің 31 студенті 5 шетелдік ЖОО-да оқыды.

Жоғары білім беруді интернационалдандыру деңгейіне тән көрсеткіші профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушылардың ұтқырлығын кеңейту, оқу жоспарлары мен бағдарламаларын интернационалдандыру, өңірлік және халықаралық ЖОО желілерін құру, білім беру қызметтері сапасының әлемдік стандарттарына сәйкестігі болып табылады. Университеттің халықаралық талаптарға сәйкес білім беру сапасын арттыруға, университеттің халықаралық байланыстары мен іскерлік әріптестігін дамытуға және нығайтуға бағытталған халықаралық ынтымақтастық бағдарламаларына қатысуы оның халықаралық қызметінің мақсаты болып есептеледі.

Бүгінгі таңда университет 100-ден астам ғылыми-зерттеу орталықтарымен және шет мемлекеттердің жоғары оқу орындарымен: ҚХР, Литва, Польша, Латвия, Туркия, Өзбекстан, Ресей және т. б. ынтымақтастықты дамытып, нығайтуда.

Интернационалдандырудың маңызды құрамдас бөліктерінің бірі академиялық ұтқырлық болып табылады. Университет білім алушыларының ҚР ҒжЖБМ бағдарламасы бойынша академиялық ұтқырлық шеңберінде және басқа да бюджеттік емес қаражат есебінен шетелдік және отандық университеттерде оқуға мүмкіндігі бар.

Интернационалдандырудың негізгі бағыттары:

- өңірлік және халықаралық контекстті ескере отырып, бірлескен ББ және қосдипломды ББ енгізу (QS, Топ -700);

- Профессор-оқытушы құрамының академиялық ұтқырлығын жандандыру, оның ішінде білім беру бағдарламаларында жаһандану және жалпы белгісіздік жағдайында метақұзыреттіліктер мен жұмыс дағдыларын дамыту үшін шетелдік тағылымдамалар;

- болашақ мұғалімдердің көптілді дайындығын дамыту.

- білім алушылардың, оның ішінде Erasmus+профессор-оқытушы құрамы мен білім алушылардың халықаралық кредиттік ұтқырлығы жобалары негізінде академиялық ұтқырлығын жандандыру.

2023-2024 оқу жылында Түркия Республикасы, Анкара қаласы, Гази университетіне - 12 докторант, Анкара университетіне - 2 докторант, Хаджетепе университетіне - 1 докторант, Түркия Республикасы, Анкара қаласы, Гази университетіне - 6 магистрант, Өзбекстан Республикасы, Ташкент қаласы, Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университетіне - 17 магистрант және 8D01503-Информатика педагогін даярлау білім беру бағдарламасының докторанты Сингх Чандан Пал Чехия Республикасы, Оломоуц қаласы, Палацк университетіне ғылыми-зерттеу тағылымдамасынан өтті.

2024-2025 оқу жылының академиялық күнтізбесіне сәйкес Түркия Республикасы, Анкара қаласы, Хаджетепе университетінде - 3 докторант, Гази университетінде - 11 докторант, Ресей Федерациясы, Мәскеу қаласы, Г.В. Плеханов атындағы Ресей экономикалық университетінде 1 докторант ғылыми-зерттеу тағылымдамасынан өтті.

30.01.2025ж.-14.02.2025ж. аралығында ғылыми тағылымдамадан өту мақсатында Түркия Республикасы, Анкара қаласы, Гази университетіне - 9 магистрант, Өзбекстан Республикасы, Ташкент қаласы, Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университетіне - 10 магистрант және 8D01407-Бейнелеу өнері және сызу педагогін даярлау білім беру бағдарламасының 2 курс докторанттарын Литва Республикасы, Вильнюс қаласы, Вильнюс университетіне тағылымдамадан өтуге жіберілді.

31.03.2025-02.05.2025 аралығында 8 докторант Түркияға, 1 докторант РФ, 2 докторант Польшаға жіберу жоспарлануда.

Академиялық ұтқырлық аясында университет ғылым мен білім саласында озық тәжірибе алу үшін шетелдік ғалымдарды шақырумен белсенді айналысады. Университетке АҚШ, Малайзия, Үндістан, Чехия, Польша, Өзбекстан, Түркия және Ресей Федерациясынан 23 шетелдік

ғалым келді.

Университет Erasmus+ бағдарламасы аясында Еуропалық Одақ қаржыландыратын ауқымды жобаларға бірқатар шетелдік ЖОО-мен қатысуда.

Еңбек нарығының өзгеру тенденциялары. Қазіргі жағдайда білім беру Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси дамуының маңызды басымдықтарының бірі болып танылды.

Қазіргі уақытта елдегі білім беру реформаларының жалпы мақсаты – бұл жүйені әлеуметтік-экономикалық ортаға және тез өзгертін әлемдік жағдайға бейімдеу.

Қазақстан Республикасында педагогикалық білім беру жүйесін дамыту педагог кадрларды даярлау саласындағы әлемдік үрдістер мен инновацияларды ескеретін жаңа тұжырымдамалық тәсілдер мен әдістерді іздеуді талап етеді.

Педагогикалық саладағы өзгерістер қолданыстағы білім беру жүйесін жетілдіруді және жаңа стратегиялық бағыттарды қалыптастыруды көздейді.

Педагогикалық білім берудің стратегиялық даму векторлары халықаралық және отандық тәжірибеге сүйену, имидждік саясатты қалыптастыру, жоғары білікті, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау үшін жағдайлар жүйесін құру болуы тиіс.

Қазіргі тығырықтан шығудың негізгі жолдары мыналар болып табылады:

- педагогикалық бейіндік сыныптардың ашылуы және жұмыс істеуі;
- ауыл мектептері үшін online оқыту режимінде сабақтар ұйымдастыру;
- желілік өзара іс-қимылды ұйымдастыру, білім беру мекемелерінің интегративті модельдерін дамыту;

- жыл сайын пәндік олимпиадаларды өткізу, онда олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері педагогикалық мамандықты оқытуға грант түрінде қаржылық қолдау алады.

- жекелеген білім беру құрылымдарын «балабақша – мектеп – педагогикалық колледж – ЖОО» оқу-ғылыми-педагогикалық кешендері түріндегі сапалы жаңа жүйелерге біріктіру;

- ЖОО-ның профессор-оқытушы құрамының және студенттердің ғылыми зерттеулерге қатысуы; ғылыми нәтижелер мен білім беру бағдарламаларының өзектілігін сақтау мақсатында жұмыс берушілермен және ғылыми нәтижелерді тұтынушылармен өзара іс-қимыл жасау;

- жоғары оқу орнының материалдық-техникалық базасын білім беру үдерісі субъектілерінің ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметін қамтамасыз ететін заманауи ғылыми-әдістемелік зертханалармен жарақтандыру.

Жоғарыда келтірілген деректер, әрқайсысы егжей-тегжейлі пысықтауды және Университеттің өңірлік (қалалық, облыстық) ерекшеліктері, даму мүмкіндіктерімен, перспективаларымен «байланыстыруды» қажет етеді.

Шымкентті мегаполис ретінде және республиканың іргелес облыстарында педагог кадрлар даярлау саласындағы жағдайды объективті бағалау, әлемдік тәжірибені пайдалану және жаңа, креативті технологияларды қолдану Университет қызметінің іргетасы болуы тиіс.

Университетте дайындалған мамандарға сұраныстың өсуі тұрақты оң динамикаға ие.

